

Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын бекіту және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Қарағанды қаласының жерлеріне салықтың базалық мөлшерлемесін ұлғайту туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы № 410 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 мамырда № 5354 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2026 жылғы 17 тамыздағы № 389 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 17.08.2026 № 389 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505, 509 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШТІ :

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Қарағанды қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық мөлшерлемені өсіру мөлшері және автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Қарағанды қалалық
мәслихатының хатшысы

Ж. Мухтаров

К. Бексұлтанов

Қарағанды қалалық мәслихатының
2019 жылғы "15" мамырдағы
XXXVIII сессиясының
№ 410 шешіміне қосымша

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Қарағанды қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін ұлғайған базалық ставканы ескерумен автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

			Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып		Өсіру мөлшерін есепке ала отырып (теңге),
--	--	--	--	--	---

№	Автотұрақтардың (паркингтің) типтері	Автотұрақтардың (паркингтің) санаты	жатқан жерлерді қоспағанда, Қарағанды қаласының жерлеріне бір шаршы метр үшін салынатын базалық салық мөлшерлемелері (теңге)	Базалық ставканың өсіру мөлшері	автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Қарағанды қаласының жерлеріне базалық салық мөлшерлемесі
1	Жабық типтегі жерүсті ақылы автотұрақтар (паркингтер), ашық типтегі ақылы автотұрақтар (паркингтер), көп деңгейлі ақылы автотұрақтар	1	9,65	5	48,25
2	Ғимараттардың цоколдық және (немесе) жерасты деңгейлерінде орналасқан және мұндай ғимараттардың ажырамас бөлігі болып табылатын, азаматтардың меншігіндегі көп деңгейлі автотұрақтар (паркингтер) мен тұрақ орындары, ақы алусыз автотұрақтар (паркингтер), қызметтік тұрақтар, халықтың мобильдік тобының көлік құралдарының тұрақтары	2	9,65	1	9,65